

**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының  
докторанты Майғазиев Сәкен Қордабайұлының  
6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша (PhD) философия  
докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Қазіргі қазақ эстрадасындағы  
этнофольклорлық тенденциялар»  
атты диссертациясына жазылған  
ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламасымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі Қазақстанның және оны құраушы ұлт қазақ халқының әлеуметтік дүниесінің рухани жаңғыруына байланысты ғылыми ізденістер бізді өткеннің құндылық бастауларына жетелеп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі дүние мен болашақ туралы ойлануға мәжбүрлейді. Еліміздің рухани жаңғыруының жолдары мен механизмдерін іздену жағдайында біздің музыкатану саласындағы әрекеттеріміз қоғамдық сананың қазіргі нақты дүниесімен сабақтасып, байланысып жатыр. Қазақстанның алдында тұрған өзекті де, өткір мәселелердің бірі – ұлттық сананы қалыптасытуға тікелей әсер ететін рухани құндылықтарымызды әлемге таныстыру, айналасындағы халықтармен мәдени қарым-қатынас жасау, отандық мәдениетті барынша жинақтап жарыққа шығару, насихаттау болып табылады. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық өнерді ұлықтаудың жаңа мақсаттары мен міндеттерін айқындап, «Дала фольклорының көне сарындары» сияқты стратегиялық маңызды жұмыстардың заман талабына сай зерттелуін, жаңа қоғамдағы жүйелі насихатын арттырудың жолдарын нақтылады. Осы мемлекеттік бағдарламалармен үндескен бұл мәселелер қазіргі кездегі ұлттық жаңғыру үрдісіне сай келеді және мемлекеттің мәдени даму принциптеріне аса қажет. Сондықтан музыкатану саласында осы уақытқа дейін барынша зерттеуді қажет етіп келген мәселелердің қатарына жататын «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар» тақырыбының жалпы ғылыми маңызы мен мемлекеттік дәрежесі талапқа сай келеді.

Дамуы жағынан түрлі бағыттарды қамтыған Қазақстанның заманауи музыкасы туралы көптеген ғылыми-зерттеулер отандық өнертану ғылымына зор үлес қосты. Заманауи өнердың қалыптасу үрдісінде, жаңаша бағыттағы шығармашылығымен еленген этнофольклорлық топтардың шығармашылық жетістіктері мен ізденістері, Қазақстан эстрада өнері атты ортақ мәдени даму үдерісінің жүзеге асуының және қалыптасуының көрсеткіші бола алды. Осы тұрғыдағы ізденістердің негізінде, отандық эстраданың тарихи қалыптасуы мен даму кезеңдерін талдау, еліміздің заманауи өнеріндегі орны мен алуан

стильдік өзгешеліктерін сараптау сияқты маңызы терең мәселелері музыкалану саласында әлі де жалғасты зерттеуді қажет етеді.

Тақырыптың таңдалуы ХХ ғасырдың 70-ші жылдарындағы және Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында құрылған эстрадалық топтарының ұлтымыздың музыкалық дәстүрін жаңғыртуға бағытталған ізденістері мен жетістіктері этнофольклорлық ансамбльдердің қалыптасуы, соның ішінде қазақтың ұмытыла бастаған аспаптарының бүгінгі сахнада қайта жаңғыруы этнофольклорлық ұжымдардың тыңдаушы талғамын рухы асқақ туындылар арқылы тәрбиелеу қажеттілігінен де туындап отыр. Осының бәрі этномузыкалану төңірегіндегі біліміміз бен түсінігімізді одан әрі кеңейте түсетіні анық.

Сондай-ақ, қазақтың – бақсылық, тұрмыс-салт, жыраулық, ақындық дәстүрі және ХІХ ғасырдың кәсіби ұлттық музыкасының қолданылатын әдіс-тәсілдерін бүгінгі Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық бағыттағы ансамбльдер шығармашылығындағы орындаушылық тәжірибесіне енгізу қажеттілігімен байланысты.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.**

Докторант Майғазиев С. Қазақстандағы этнофольклорлық ансамбльдер музыкасындағы ұлттық мәдени негіздерді жан-жақты зерттеп, диссертациялық жұмысын орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1) Қазақстан этнофольклорлық ансамбльдердің дәстүрлі ұлттық саз өнеріндегі бастаулары мен түркі мәдениетіндегі фольклорлық сипаттарының ұқсастықтары айқындалған;

2) Ұлттық музыканың этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығына әсері қарастырылған;

3) Қазіргі эстрада майталмандарының эстетикалық ұстанымдарының қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен сабақтастығы зерттелген;

4) Қазақстан эстрадасындағы заманауи этнофольклорлық ансамбльдердің қалыптасуы мен даму кезеңдері, орындаушылық бағыттары мен репертуар мәселесі егжей-тегжейлі қарастырылған;

5) Қазақстандағы этнофольклорлық ансамбльдердің шығармашылығында музыкалық ладтық жүйені дамыту мен орындаушылық шеберлік деңгейін бағалау арқылы көркем құбылыстың өзіндік болмысы туралы тұтас ғылыми тұжырымдама жасалған;

6) Қазақстандағы полиэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық ансамбльдердің стильдік ерекшеліктерімен функциялық генезисі нақтыланып, даму және стильдік ерекшеліктері анықталған;

7) Моноэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығындағы көркемдік бейнелер айқын сипатталған;

8) Этнофольклорлық ансамбльдердің шығармашылығындағы музыкалық шығармалар жүйелі талданған;

9) Аспаптық ансамбльдердің шығармашылығындағы фольклор мен кәсіби саз өнері иірімдерінің дыбыстық үйлесімін ашып көрсеткен;

**3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Докторанттың диссертацияда мазмұндаған тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары деп есептеуге болады.

*Біріншіден* ізденуші зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйенеді. Жанр теориясы мен аспаптық музыканы зерттеудің озық әдістемелерінің сипаттамасына қатысты, Б.Асафьев, Э.Е. Алексеев, В.А. Лапин, Л.И. Емельянов, П.Г. Богатырев қатарлы тұлғалардың; Орта Азия халықтарының макомат өнерінің ансамбльдік негіздері музыкалық түркітануға зор үлес қосқан музыкатанушы ғалымдар, Ш. Гуллыев, Қ. Дюшалиев, Ф. Караматов қатарлы ғалымдардың тұжырымдары негізге алынған.

*Екіншіден* Қазақстандағы этнофольклорлық ансамбльдер музыкасындағы ұлттық мәдени негіздерді қарастырғанда қытай ғалымы Н. Мыңжанның зерттеу еңбектеріне және қазақтың көне әдет-ғұрып сарындарының өлең өлшемдері бойынша А.Байгаскина мен музыкалық синтаксис, тілдік жүйесі тұрғысынан Б.Г.Ерзакович, Б.И.Қарақұлов, З.Қоспақов, С.Күзембаева, Б.Қоқымбаева, Д.Амирова, А.Бұлтбаева, З.Касимова, т.б. зерттеулеріндегі ой-тұжырымдары негіз болған.

*Үшіншіден* Аспаптық туындылардың көне аңыз күй мен ХІХ ғасырдағы күйші сазгерлердің өзіндік қолтаңбасы және қазақтың фольклорлық мұраларын тереңінен зерттеген М.Әуезов, А.Жұбанов, С. Қасқабасов, Р.Бердібай, Н.Келімбетов, Ж. Қожахметова П.В.Аравин, Б.Аманов, А.Мұхамбетова, Т.Бекхожина, С.Аманова, С.Өтеғалиева, Г.Омарова, С.Елеманова, П.Шегебаев, Б.Мүптекеев, М.Гамарник, Р.Несипбай, А.Бердібай, Е.Үсенбаев, А.Байбек т.б. музыкатанушы-ғалымдардың жасаған тұжырымдамалары негізге алынған.

*Төртіншіден* Ұлттық құндылықтарды жаңаша бағытта насихаттай бастаған этнофольклорлық ансамбльдердің дамуы мен орындаушылық ерекшеліктерінің ғылыми айналымға енгізілуінде.

*Бесіншіден* Ғылыми еңбекте қол жеткізген материалдар, қазақстандағы этнофольклорлық ансамбльлер орындаушыларының репертуарына енгізілуінде.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

Зерттеудің ғылыми нәтижелері, жасалған тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен сипатталады.

Диссертанттың ұсынып отырған тұжырымдары мен қорытындылары жаңа, себебі:

1. Тұңғыш рет Қазақстан эстрадасындағы ұжымдардың өнері түркі халықтарының мақомат өнерімен сабақтастыра зерттелген;

2. Қазақтың бақсылық, тұрмыс-салт, жыраулық, ақындық дәстүрі және XIX ғасырдың кәсіби ұлттық музыкасының, Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық бағыттағы ансамбльдер шығармашылығына жасаған ықпалы қарастырылған;

3. Тұңғыш рет ұлттық әндердің сөз көркемдігі мен тіл өрнегі поэтикалық тұрғыда зерделеніп, ән мәтіні мен саз өнерінің үйлесімінен туындаған биік эстетикалық талғам-түсініктің бүгінгі кәсіби әншілердің өнерінде жалғасын табуы нақты дәлелдермен қарастырылған;

4. Тұңғыш рет Қазақстан эстрада өнеріндегі этнотоптардың тарихи қалыптасуы мен даму үдерісі арнайы қарастырылып, баға берілген;

5. Тұңғыш рет Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық ансамбльдердің репертуарына музыкатану тұрғысынан ғылыми көзқарас негізінде стильдік бағдары нақтыланып, осы бағыттағы топтар құрамы жағынан моноэтникалық және полиэтникалық болып жүйеленген;

6. «The Magic of Nomads», «Қоңыр», «Тұран» ансамбльдерінің репертуары мен шығармаларының музыкалық тілдік жүйесі музыкатану ғылымы тұрғысынан кешенді талданып, этнофольклорлық топтарға тән стильдік ұстанымдар анықталған және әр ұжымның отандық эстрада өнеріне қосқан үлесі көрсетілген.

7. Тұңғыш рет этнофольклорлық ансамбльдердің даму эволюциясы көне фольклорлық туындылардың стилизациясы мен халық әндерінің этнорок, этнопоп бағытындағы лайықтамаларынан, екінші сатыда қос (батысуеропалық және қазақша) дәстүрдің тең дәрежеде түсуінен, соңғы кездегі жаңашыл бейнелік, тақырыптық, музыкалық тілдік жүйе жиынтығын негізге алған ансамбль мүшелерінің төл туындыларына дейінгі даму жолдары көрсетілген.

8. Тұңғыш рет Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық ансамбльдер – мәдениеттің айрықша, тұтас музыкалық, стильдік құбылысы болып қалыптасқандығы дәлелденген.

#### **5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Үш бөлім сегіз тараудан тұратын зерттеу жұмысы нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтыра, сабақтастырыла баяндалған. Алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

«Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» атты зерттеудің тақырыптық өзектілігі мен құндылығы, ғылыми жүйесінің бірізділігі зерттеудің тақырыптық қажеттілігін қанағаттандырады.

Диссертацияның материалдары мынаған көмектеседі:

а) Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында, «Қазақстан эстрада өнерінің тарихы», «Қазақ музыкасының тарихы» және «Орындаушылық өнер тарихы» элективті пәндері мен арнайы курстарын оқыту үдерісінде көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

б) Диссертация Қазақстан эстрадасындағы этнофольклорлық ансамбльдердің қалыптасу, даму үдерісі мәселелерін зерттеумен шұғылданатын жас мамандар үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады.

с) Жұмыстың алынған қорытындылары аталған өнер саласын насихаттайтын бұқаралық, мәдени жобаларға да пайдалануға мүмкіндік береді.

**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.**

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары шетелдік импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда және ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында, интернет конференцияларда жарияланған. Зерттеу тақырыбы бойынша диссертанттың 8 ғылыми мақаласы жарық көрген.

**8. Түйіндеменің диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Диссертацияның түйіндемесі зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес. Түйіндемеде диссертацияның мазмұны, негізгі қорытындылары мен тұжырымдары толығымен көрінісін тапқан.

**9. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Ізденушінің жұмысы жан-жақты талданып, талаптарға сай орындалған. Ізденушінің жұмысы жан-жақты талданып, талаптарға сай орындалған. Диссертацияның материалы жаңа болғандықтан келесі сұрақтардың туындауы заңды.

1. Этнофольклорлық ансамбльдердің қазақтың ұлттық ән өнерін насихаттаудағы қазіргі қызметінің бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда тарихи сабақтастығы қаншалықты сақталған?

2. Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық ансамбльдердің әркезеңдегі қалыптасуында ұлттық музыканың дәстүрлі (түпнұсқалылық) қалыбының сақталу деңгейі қалай?

3. Зерттеудің қорытынды тарауында келешекте туындайтын мәселелер мәдени-әлеуметтік және философиялық негіздері жағынан көрсетілген. Ал ғылыми-музыкатанулық жағынан зерттелген материалдан қандай мәселелер туындауы мүмкін?

4. Ғылыми еңбекте кейбір грамматикалық және стилистикалық қателіктер кездеседі.

Ізденушіге қойылған сауалдар зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құрылымына, тақырыптың өзектілігіне, жасалған тұжырымдардың

ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді. Оларды ұсыныс ретінде қабылдауға болады.

**10. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Сонымен, Майғазиев Сәкен Қордабайұлының 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар» атты диссертациялық зерттеуі толыққанды аяқталған, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп есептеймін.

Ізденуші Майғазиев Сәкен Қордабайұлының жоғарыда көрсетілген жетістіктерін ескере отырып оған 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

**Ресми пікір білдіруші:**  
**философия (PhD) докторы**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Ұлттық музейі «Халық қазынасы»**  
**ҒЗИ-ның аға ғылыми қызметкері**

